КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 9 тамыз №4712-24-00-2/2388 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.О.Аташева,
сот отырысының хатшысы С.А.Жаукеннің қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Маңғыстау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Наследие Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор А.Дюсенова
талап қоюшының өкілдері Тұрақбаева Р., Камалов М.
жауапкердің өкілі Н.Бердибаева
аудармашы А.Сарбек

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылы 4 сәуірде тараптар арасында көрсетілетін қызметтер туралы мемлекеттік сатып алу туралы №62 келісім шарты (әрі қарай - Шарт) жасалған. Шарттың жалпы сомасы 5 455 000 теңге құрайды.

Шарттың №2 қосымшасы техникалық ерекшеліктерге сәйкес жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мүлікті (45 758 қорап темекі өнімдерін) тиеу-түсіру, тасымалдау, жою және полигода көму жұмыстарын жасауға міндеттеме алған.

2024 жылы 12 мамырда тараптар арасында Шартқа №1 қосымша келісім жасақталып, негізгі шартқа өзгерістер енгізіліп, Шартты орындау мерзімі 11 жұмыс күнге ұзартылған, яғни орындау мерізімі 3 маусым 2024 жыл болып есептелген.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамағанын, яғни темекі өнімдері толық жойылмағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 60 005 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшының өкілдері сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюмен келіспей, Шартты орындау барысында талап қоюшы тарапынан жұмыс жасауға кедергі келтірілгенін, сонымен қатар техниканың бұзылып қалуы, жұмысты уақтылы аяқтауға мүмкіндігі болмағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор өз қортындысында талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес, шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың №1 қосымшасы бойынша жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде қауіпті емес

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 17.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Аташева А. О., 26.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қалдықтарды/мүлікті/материалдарды жою бойынша қызметтер (жою/жағу және ұқсас қызметтер) көрсетуге тиіс болған.

2024 жылы 12 мамырда тараптар арасында Шартқа №1 қосымша келісім жасақталып, Шартты орындау мерзімі 3 маусым 2024 жыл болып есептелген.

Алайда, жауапкер Шартта белгіленген мерзімде жұмыстарды аяқтамаған, яғни өз міндеттемесін толық орындамаған.

Сот отырысында бұл мән-жайды жауапкердің өкілі жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қою арызын сотқа жолдаған.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап қою бойынша

Азаматтық кодексінің 293-бабында борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес делінген.

Сонымен қатар, тараптар арасында жасақталған шарттың 7.3. тармақшасына сәйкес жауапкер жұмысты орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, мерзімін өткен күннен бастап, талап қоюшы жауапкерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл соммасын өндіріп алады деп көрсетілген.

4 сәуір 2024 жылғы № 62 шарттың жалпы сомасы – 5 455 000 теңге, әрбір мерзімдерін өткізіп алған күн үшін тұрақсыздық айыбы – 0,1%, мерзімдерін өткізіп алған күндер – 11 күн, 5 455 000 теңге х 0,1% = 5 455 теңге х 11 күн = 60 005 теңге.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 17.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Аташева А. О., 26.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сотпен тұрақсыздық айыппұлының мөлшері тексеріліп, шарт және заң талаптарына қайшы келмейтін анықталды.

Істің мұндай жағдайында, сот талап қоюшының мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 3 646 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Маңғыстау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Наследие Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Наследие Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Наследие Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 60 005 (алпыс мың бес) теңге тұрақсыздық айыбы, 3 646 (үш мың алты жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 17.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Аташева А. О., 26.10.2024

4712-24-3-1/2164